

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2020 жылғы 29 қазан

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Сенаттың кезекті отырысын бастаймыз. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті сенаторлар, алдымен күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, бүгінгі отырысымыздың күн тәртібінде екі заң жобасы бар. Олар биылғы республикалық бюджетті нақтылауға арналған. Осыған орай отырысқа Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарлары, Қазақстан Республикасының Қаржы министрі, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары залға келіп қатысып отыр. Ал басқа барлық министрлер бейнеконференц байланысы арқылы қатысуда.

Бас комитет биылғы республикалық бюджетті нақтылауға арналған екі заң жобасын бірге қарауды ұсынады.

Құрметті әріптестер, қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2020 – 2022 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы мен Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «2020 – 2022 жылдарға арналған республикалық

бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірге қараймыз.

Алдымен Ұлттық экономика министрінің, Қаржы министрінің және Ұлттық Банк Төрағасы орынбасарының баяндамаларын тыңдап, содан кейін сұрақ қоюға көшсек.

Құрметті әріптестер, осы тәртіпке келісеміз бе, қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Қарсылық болмаса, баяндамаларды тыңдайық.

Сөз Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2020 – 2022 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша баяндама жасау үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Дәленов Руслан Ерболатұлына беріледі.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2020 – 2022 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы енгізіліп отыр.

«2020 жылға арналған нақтыланған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 8 сәуірдегі Жарлығымен Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферттің мөлшері 4 триллион 770 миллиард теңге сомасында айқындалды.

Заң жобасында 2020 жыл бойынша осы соманы қолданыстағы кепілдендірілген трансферт туралы заңда белгілеу көзделеді.

Қолдауларыңызды сұраймын.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға 2020 жылға арналған нақтыланған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы енгізіліп отыр. Болжамды нақтылаудың негізгі факторлары мыналар болып табылады.

Бұл – 2019 жылғы жалпы ішкі өнім бойынша өзектендірілген есептік деректер, ағымдағы жылдың басынан бергі жедел деректер, мұнай өндірудің жоспарын түзету, сондай-ақ әлемдік нарықтағы мұнайдың бағалануы. Яғни 2019 жылғы өзектендірілген жалпы ішкі өнім көлемі 0,9 триллион теңгеге артып, 69,5 триллион теңгені құрады. Бұл ағымдағы жылғы болжамды есептеу базасын ұлғайтты. Сонымен бірге болжамда экономиканың нақты секторындағы қызмет көрсету саласындағы үрдістері мен мұнай бағасының конъюнктурасы ескерілді.

Әлемдік экономика өсімі халықаралық ұйымдардың консенсус-болжамы бойынша ағымдағы жылы минус 5 пайызды құрайды, ал 2021 жылы өсу күтілуде.

Халықаралық ұйымдар Қазақстан экономикасының нақты өсімін ағымдағы жылы минус 2,3 пайыз бен минус 2 пайыз аралығында бағалайды. Келесі жылға тұрақты өсімді болжайды.

Экономика секторларының ағымдағы үрдістерін ескере отырып, біздің бағалауымыз бойынша 2020 жылғы нақты жалпы ішкі өнімнің өсімі минус 2,1 пайызды құрайды.

2020 жылы номиналды жалпы ішкі өнім 69,8 триллион теңге көлемінде бағалануда. Ол бұрын нақтыланған көрсеткіштен 102 миллиард теңгеге жоғары. Бұл 2019 жылғы базалық көрсеткіштердің өсуімен байланысты.

Экономиканың нақты секторының салалары бойынша өсу болжамы жақсарды. Құрылыстың 6,5 пайыз, ауыл шаруашылығының 4,9 және өңдеу өнеркәсібінің 3,7 пайызға өсуі болжануда. Бұл ретте шектеу шараларының салдарынан қызмет секторларының өсу қарқыны төмендетілді.

Мұнайдың есептік бағасын ескере отырып, болжамдық бағаны 20 доллардан 40 долларға дейін арттыру ұсынылады. Қаңтар-қыркүйекте мұнайдың орташа бағасы бір баррелге 42 долларды құрады. Нақтыланған жоспар бойынша мұнай өндіру көлемі 85 миллион тоннаны құрайды.

Тауарлар экспорты 45,5 миллиард долларға дейін артады, импорт 33,8 миллиард долларды құрайды. Осылайша, оң сауда теңгерімі 3,2 миллиардқа ұлғайып, 11,7 миллиард доллар көлемінде болжануда.

Түзетілген макроэкономикалық болжам негізінде 2020 жылға арналған республикалық бюджет параметрлерінің болжамы нақтыланды.

Республикалық бюджеттің кірістері (трансферттерді есепке алмағанда) 2020 жылы 6 триллион 539 миллиард теңге көлемінде бағалануда.

Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферт өзгермейді және 4,8 триллион теңге көлемінде сақталады.

Республикалық бюджет шығыстары бекітілген көлемге қарағанда 205 миллиард теңгеге ұлғайып, 14 триллион 475 миллиард теңге көлемінде болжанып отыр.

Бюджет тапшылығы жалпы ішкі өнімге қатысты 3,5 пайыз деңгейінде сақталады.

Ұсынылып отырған параметрлер республикалық бюджеттің тұрақтылығын қамтамасыз ететін болады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Руслан Ерболатұлы, орныңызға отырыңыз.

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «2020 – 2022 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Жамаубаев Ерұлан Кенжебекұлына беріледі.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «2020 – 2022 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы ұсынылып отыр.

Ағымдағы жылдың 21 қазанында жоба Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде мақұлданды.

Нақтылаудың негізгі міндеті медициналық қызметкерлерге материалдық қолдау көрсету және COVID-19-дың таралуына қарсы белсенді шаралар қабылдау болып табылады.

Осы мәселелерді шешу үшін 238,7 миллиард теңге сомасында қосымша қаржы көзделіп отыр.

Шығыстар мынадай бағыттарға жұмсалатын болады:

карантин іс-шараларын жүргізуге тартылған медицина қызметкерлеріне жалпы сомасы 143,4 миллиард теңгеге қосымша ақы төлеу;

тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі шеңберінде COVID-19-дың таралуына жол бермеу мақсатында медициналық қызметтерге ақы төлеуге 83,2 миллиард теңге;

ішкі істер органдарының қызметкерлеріне эпидемияға қарсы ісшараларға қатысқаны үшін сыйақы төлеуге 11,7 миллиард теңге.

Әкімшілер ұсынған қаражатты қайта бөлуді ескере отырып, экономиканың нақты секторын дамытуға және күш құрылымдарын әлеуметтік қолдауға 261,7 миллиард теңге сомасында шығыстар көзделген. Осы қаражат есебінен өндірісті ынталандыруға бағытталған бірқатар шаралар мен жобаларды іске асыру және халықтың өмір сүру сапасын жақсарту мен табысын ұлғайту жоспарлануда.

«Нұрлы жол», «Нұрлы жер», агроөнеркәсіптік кешенін дамыту және басқа мемлекеттік бағдарламалардың ісшараларын жеткілікті қаржымен қамтамасыз ету көзделген. Бұдан басқа бюджетті нақтылау шеңберінде Президент Жарлығына сәйкес мемлекеттік органдар құру және қайта ұйымдастыру бойынша қаражатты қайта бөлу жүзеге асырылды.

Нәтижесінде республикалық бюджеттің параметрлері келесідей қалыптасты:

республикалық бюджет түсімдері 12 триллион теңге көлемінде анықталды;

тапшылық жалпы ішкі өнімге 3,5 пайыз деңгейінде сақталды;

республикалық бюджет шығыстарының көлемі 14,5 триллион теңгені құрайтын болады.

Құрметті депутаттар! Заң жобасын қарау кезінде бірлескен нәтижелі жұмыс жүргізгендеріңіз үшін алғыс білдіруге рұқсат етіңіздер.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ерұлан Кенжебекұлы, орныңызға отырыңыз.

Келесі сөз, еліміздегі ақша-кредит саясаты туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары Баймағамбетов Ақылжан Мәлікұлына беріледі.

БАЙМАҒАМБЕТОВ А.М. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Ұлттық Банк республикалық бюджет параметрлерін нақтылау шеңберінде ақша-кредит саясаты көрсеткіштерінің болжамын ұсынды.

Қазіргі кезде әлемдік экономика жоғары белгісіздіктің және сыртқы күйзелістердің әсерінің ықпалында дамып жатыр. Аталған болжамдар осы жағдайды ескере отырып дайындалған.

Біріншіден, коронавирус пандемиясының дамуы орта мерзімді перспективада әлемдік экономикаға әсер ететін негізгі фактордың бірі болып табылады.

Екіншіден, пандемияға байланысты жағдайдың нашарлау тәуекелдерімен қоса АҚШ пен Қытай арасындағы сауда қайшылықтары, Ресейге қатысты санкциялық риториканың күшеюі және басқа да геосаяси факторлар әлемдік экономикаға қосымша қысым жасайды.

Үшіншіден, әлемдік қаржы және тауар нарықтарының, әлемдік экономиканың қарқыны баяулауына қатысты қауіптенудің өсуі аясында, әсіресе мұнай нарығының құбылмалығы, АҚШ-тағы президенттік сайлау және АҚШ тарапынан ынталандыру шаралары пакетінің мөлшері де сыртқы нарықтар үшін маңызды тәуекел-факторлардың бірі болып қалуда.

Осы факторларды ескере отырып, халықаралық ұйымдар өз болжамдарын қайта қарастырды. Ағымдағы жылғы 13 қазанда Халықаралық валюта қоры (ХВҚ) 2020 жылы ішкі жалпы өнімнің (ІЖӨ) күтілетін төмендеуін 4,9 пайыздан 4,4 пайызға дейін 50 базистік тармаққа қайта қарады. Дамыған елдер тобы бойынша 2020 жылға арналған болжам минус 8 пайыздан минус 5,8 пайызға дейін жақсарған, ал Қазақстан кіретін дамушы елдер бойынша бұл көрсеткіш минус 3 пайыздан минус 3,3 пайызға дейін өзгерді.

Әлемдік экономиканың 2021 жылдан бастап қалпына келуі күтіледі, ал дағдарыстан бірінші болып дамыған елдер шыға бастайды. Төмен база аясында әлемдік экономиканың өсуі 2021 жылы 5,2 пайызға жетіп, орта мерзімді перспективада 3,5 пайызға дейін біртіндеп баяулайды.

Осы жағдайларда ағымдағы жылы Үкімет ішкі жалпы өнімнің 2,1 пайызға қысқаруын күтуде, бұл минус 2-2,3 пайыз деңгейіндегі Ұлттық Банктің жаңартылған болжамына сәйкес келеді.

Уважаемые сенаторы! С учетом актуализированных данных по ВВП и текущей ситуации на рынке уточнен прогноз показателей денежно-кредитной политики и платежного баланса.

1. Инфляция. В сентябре текущего года второй месяц подряд наблюдается стабилизация инфляции на уровне 7 процентов. Продовольственная инфляция продолжает вносить основной вклад. В сентябре она составила 10,8 процента, снизившись на 0,1 процента по сравнению с предыдущим месяцем. В структуре продовольственной инфляции наблюдалось замедление годовых темпов роста цен на рынках мясной и хлебобулочной продукции. Отмечается рост цен на группы товаров со значимой импортной составляющей.

Непродовольственная инфляция составила 5,5 процента на фоне снижения потребительского спроса в связи с карантинными мерами и ограничениями на работу торговых объектов.

Годовой рост цен платных услуг повысился за последний месяц с 3,4 процента до 3,6 процента. Основным фактором ускорения инфляции платных услуг стало удорожание регулируемых коммунальных услуг на 0,7 процента, в частности электроэнергии на 6,6 процента. Общему росту цен на услуги способствует и удорожание услуг образования и связи на 3,3 процента и 2,1 процента соответственно.

По оценкам Национального Банка, инфляция до конца 2020 года ускорится до 8 процентов на фоне сохранения высокого роста цен на продукты питания, эффекта переноса обменного курса и ускорения инфляции платных услуг.

2. Текущий счет платежного баланса. В первом полугодии платежный баланс сложился с профицитом 1,7 миллиарда долларов США в результате снижения доходов к выплате прямым инвесторам. Но по итогам 2020 года ожидается дефицит текущего счета платежного баланса на сумму минус 4,2 миллиарда долларов США, или 2,5 процента от ВВП. Экспорт товаров сократится на 21,7 процента до 45,5 миллиарда долларов США вследствие снижения цен на нефть и металлы, а также снижения объемов добычи нефти ввиду соблюдения условий сделки ОПЕК+.

Импорт товаров сократится на 15,5 процента до 33,8 миллиарда долларов США. Это обусловлено замедлением темпов реализации инвестиционных проектов в основном в нефтегазовом секторе, а также снижением платежеспособного спроса населения и бизнеса вследствие распространения COVID-19.

Дальнейшая динамика состояния текущего счета платежного баланса будет определяться ситуацией на сырьевых рынках, отложенным спросом и ускорением реализации инвестиционных проектов, которые были «заморожены» в 2020 году.

3. Депозиты и кредиты. Депозиты в банковской системе на конец сентября текущего года составили 21,4 триллиона тенге, увеличившись с начала года на 12,4 процента. Вклады в тенге выросли на 16,7 процента до 12,6 триллиона тенге, валютные вклады – на 6,6 процента до 8,7 триллиона тенге.

В результате оперативных мер по защите тенговых активов долларизация депозитов по итогам 9 месяцев 2020 года снизилась до 40,9 процента по сравнению, например, с 46,7 процента в марте 2020 года.

Кредиты экономике с начала года увеличились на 3,5 процента до 14,3 триллиона тенге на конец сентября текущего года в результате роста долгосрочных кредитов на 4,5 процента, или 529,2 миллиарда тенге, до 12,4 триллиона тенге. Краткосрочные кредиты уменьшились на 2,4 процента, или 48,6 миллиарда тенге, до 2 триллионов тенге.

По нашим ожиданиям, депозиты и кредиты в 2020 году умеренно увеличатся на фоне замедления деловой активности.

Құрметті депутаттар! Біртіндеп қалпына келудің басталуына қарамастан, әлемдік қаржы және тауар нарықтары коронавирустың ұлғайып келе жатқан екінші толқыны мен жаңа шектеу шараларының енгізілуі аясында тұрақсыздықты сезініп отыр.

Дамыған елдер сияқты дамушы елдерде де өндіріс көлемі біршама қысқаруға ұшырап отыр. Халықаралық ұйымдардың болжамы бойынша Қытайды қоспағанда, 2020 – 2021 жылдары дамыған экономикасы бар елдерге қарағанда дамушы елдердің өндіріс көлемі қомақты құлдырауға ұшырайды. Терең рецессияға орай көптеген елдерде ұзақ мерзімді жағымсыз экономикалық әсерлердің сақталуы күтілуде.

Әлемдік экономиканың қалпына келуі қалыпты және орнықсыз болады. Сыртқы сұраныстың баяулауы аясында ұлттық экономиканың перспективалары тұрақсыз болып қалуда.

Осы жағдайларда Ұлттық Банк экономикалық жағдайды мұқият қадағалап, баға мен қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге, сондай-ақ экономиканы қалпына

келтіруге қолайлы жағдайлар жасау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайтын болады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ақылжан Мәлікұлы, орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді сұрақ қою рәсіміне көшеміз.

Сөз депутат Мәкежанов Сұлтанбек Алмасбекұлына беріледі.

МӘКЕЖАНОВ С.А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы. Менің сұрағым Ұлттық экономика министрі Дәленов мырзаға арналады.

Құрметті Руслан Ерболатұлы, сіз бүгін баяндап отырғандай, еліміздің нақты жалпы ішкі өнімі 2,1 пайызға дейін төмендейді деп болжанып отыр. Халықаралық валюталық қордың және халықаралық банктің мәліметі бойынша ағымдағы жылда экономиканың төмендеуі сәйкесінше 3 және 2,7 пайызға дейін жетуі әбден ықтимал.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «қазір әлем соңғы 100 жыл ішінде болмаған аса күрделі дағдарысты бастан өткеруде, сарапшылардың айтуынша жаһандық экономиканы қайта қалпына келтіру үшін кемінде 5 жыл уақыт қажет» деп атап өткен. Бірақ министрлік бұған қарамастан келесі жылдан бастап әлеуметтік-экономикалық даму болжамдарына сәйкес елімізде нақты жалпы ішкі өнімнің өсімі 4 пайыздан жоғары болады деп жоспарлап отыр. Осылайша, еліміздің экономикасында тұрақты даму қарқыны басталады деп көрсетеді. Осы орайда қоятын келесідей сұрақтарым бар.

Бірінші. Коронавирус пандемиясының келтірген әлеуетті экономикалық залалы еліміздің жалпы ішкі өнімінің оң қарқынына әсер етпей ме? Егер әсер ететін болса, онда ұлттық экономиканы жандандыру бойынша Үкімет қосымша басқа да шараларды қабылдауды жоспарлап отыр ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Руслан Ерболатұлы, жауап беріңіз.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Сұрағыңызға рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Қазіргі таңда біз негізгі нақты шаралар кешенін қабылдаймыз. Олар экономикалық өсуді қалпына келтіруді қамтамасыз етуге бағытталған. Олар – салықтық ынталандырулар, жеңілдетілген несие беру, несие бойынша төлемдерді кейінге қалдыру және бизнесті қайта реттеу.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша экономикалық өсуді қалпына келтіру жөнінде кешенді жоспар іске асырылуда. Бұдан басқа «Қазақстан–2025» Стратегиялық жоспарын әзірлеу бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Осы стратегия орта мерзімді перспективаға арналған жаңа экономикалық бағыттың контурларын анықтайды. Олардың бәрі экономиканың 4 пайыздық өсуіне мүмкіндік береді.

Бұдан басқа Үкімет Ұлттық Банкпен және Қаржылық реттеу агенттігімен бірлесіп, әлеуметтік-экономикалық ахуал нашарлаған жағдайда арнайы жоспар қабылдады.

Әрине, пандемия бізге және әлемдік экономикаға әсер етуде. Қажетті шаралар қабылданды, қосымша шаралар қабылдануда. Біз түрлі сценарийлерге дайынбыз. Жалпы

экономикалық өсім инвестициялық жобалар және бизнесті дамыту есебінен қамтамасыз етілетін болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Слово предоставляется депутату Ершову Сергею Михайловичу.

ЕРШОВ С.М. Спасибо, уважаемый Маулен Сагатханович.

У меня два вопроса. Мой первый вопрос адресован Министру финансов.

Уважаемый Ерулан Кенжебекович, Правительством предлагается утвердить гарантированный трансферт из Национального фонда в текущем году в размере 4,77 триллиона тенге против 2,7 триллиона тенге на начало года. Между тем в Концепции формирования и использования средств Национального фонда, утвержденной Указом Главы государства, предусмотрено, что размер гарантированного трансферта в республиканский бюджет будет составлять в 2019 – 2021 годах 2,7 триллиона тенге ежегодно.

Начиная с 2015 года, идет неуклонное снижение средств Национального фонда, основной целью которого, как известно, является сбережение финансовых ресурсов для будущих поколений, в том числе путем обеспечения сбалансированности бюджета и снижения зависимости бюджета от нефтяных доходов.

С учетом изложенного вопрос. Нет ли рисков полностью израсходовать средства Национального фонда в ближайшие 5-7 лет? Когда мы наконец увидим сбалансированный бюджет, полностью независимый от нефтяных доходов?

Второй вопрос адресован Национальному Банку, касается инвестиционной доходности Национального фонда.

Уважаемый Акылжан Маликович! Назовите, пожалуйста, размер инвестиционных доходов от управления Национальным фондом в текущем году, как прогнозируемые, так и фактические. Поддерживаете ли выводы экономической экспертизы законопроекта об установлении размера гарантированного трансферта из Национального фонда не выше уровня годового инвестиционного дохода от управления фондом? Иначе говоря, жить по средствам, тратить столько, сколько заработаем. Спасибо.

ТӨРАҒА. Ерулан Кенжебекұлы, жауап беріңіз.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Спасибо за вопросы, Сергей Михайлович.

Вы абсолютно правы, в текущем году Национальный фонд сработал, как подушка безопасности, позволив реализовать ряд важных антикризисных мер. Была реализована Дорожная карта занятости, осуществлены мероприятия по борьбе с COVID-19, индексация социальных выплат, компенсация регионам в связи со снижением налоговой нагрузки на малый и средний бизнес. Тем не менее политика сбережения Национального фонда будет сохранена. Гарантированный трансферт из года в год будет снижен. Если в следующем году мы планируем гарантированный трансферт в объеме 2,7 триллиона тенге, то в 2023 году этот объем составит 2,2 триллиона тенге.

Кроме того, мы будем работать над повышением доходности бюджета, именно нефтяной доходности. Ее доля в республиканском бюджете в этом году оценивается в размере 54 процента. Мы эту долю в 2023 году планируем повысить до 74 процентов.

Налоговые поступления в основном будут поступать за счет восстановления экономики, обрабатывающего сектора, туризма, агропромышленного комплекса и других секторов. К тому же мы усилим налоговое, таможенное администрирование за счет цифровизации. И усилим меры по борьбе с теневой экономикой.

В целом политика использования Национального фонда обеспечит даже при снижении цен на нефть возможность оставаться на достаточно стабильном уровне. Тем более у нас есть ковенант, мы не можем использовать Национальный фонд ниже 30 процентов к ВВП. Таким образом, все наши меры направлены на то, чтобы сохранить Национальный фонд для будущих поколений. Спасибо.

ТӨРАҒА. Ақылжан Мәлікұлы, жауап беріңіз.

БАЙМАҒАМБЕТОВ А.М. Сергей Михайлович, спасибо за вопрос. Вы поднимаете очень важный, актуальный вопрос – сохранность Национального фонда.

Что касается доходности, то, несмотря на высокую волатильность, которая была в текущем году на финансовых рынках, и негативное влияние пандемии коронавируса на них, за девять месяцев текущего года доходность Национального фонда, по предварительным данным, составила 2,6 процента. В абсолютном выражении инвестиционный доход Национального фонда за этот период составил 1,43 миллиарда долларов США.

В условиях высокой волатильности на финансовом рынке предсказать результаты управления – достаточно сложная задача, не представляется возможным. Можно в качестве индикативного значения ориентироваться на историческую доходность фонда. Так, доходность фонда с начала создания по 30 сентября текущего года в годовом выражении составляет 3,4 процента.

Что касается ограничения на трансферты из Национального фонда на уровне не более его инвестиционного дохода. Наверное, в текущих условиях оно не позволит проводить контрциклическую фискальную политику по стимулированию экономики при временном падении доходов, как в текущем году. Но в то же время этот вопрос действительно очень важный и актуальный. И поэтому мы считаем приоритетным вопрос стабилизации расходов бюджета, обеспечения фискальной дисциплины.

В этой связи в настоящее время Национальный Банк обсуждает с Правительством внедрение контрциклического бюджетного правила, которое стабилизировало бы государственные расходы и ограничило темпы их роста. Такой подход позволит сократить неэффективные расходы, изолирует внутренние экономические условия от изменчивости цен на нефть и будет способствовать снижению именно нефтяного дефицита бюджета и накоплению средств Национального фонда. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Келесі сөз депутат Нөкетаева Динар Жүсіпәліқызына беріледі.

НӨКЕТАЕВА Д.Ж. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Мен заң жобаларын толығымен қолдаймын, дегенмен Білім және ғылым министріне қоятын сұрағым бар.

Құрметті Асхат Қанатұлы! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында ғылым саласын дамытуға тоқталып, «бұл мәселе бойынша бізге тың көзқарас пен жаңа тәсілдер керек, сондай-ақ халықаралық тәжірибеге арқа сүйеуіміз қажет» деп айтты.

Халықаралық тәжірибеде ғылымды дамытудың бір механизмі ретінде ғылым нәтижелерін коммерцияландыру қаралады. Осы орайда елімізде 2016 жылдан бастап ғылым нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын гранттық қаржыландыру жүзеге асырылып келеді.

Біздегі ақпарат бойынша ғылым нәтижелерін коммерцияландыру бойынша 157 жобаны қаржыландыру үшін 2016 – 2020 жылдарға 35 миллиард теңге жоспарланған. Алайда 2016 – 2020 жылдарға 28,6 миллиард теңге бөлінген. Осы жобаларды түгел қаржыландыру және жоспарланған нәтижеге жеткізу үшін 6,4 миллиард теңге қаржы жетіспейді.

Жоғарыда аталған жобалар бойынша жетіспейтін қаражаттарды қарастыру 2019 – 2020 жылдардың бюджетін қалыптастыру және нақтылау кезінде де қолдау таппады. Ал жобалардың мерзімі 2021 жылы аяқталады деп белгіленген.

Осы орайда жобаларды уақытылы қаржыландырмау олардың жабылып қалу тәуекелдерін арттырмай ма? Бұл жобаларда қаралған нәтижелерге қол жеткізу деңгейі және жұмсалған қаражаттардың тиімділігі қандай? Осы сұрақтарыма жауап берсеңіз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Асхат Қанатұлы, жауап беріңіз.

АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Жаңағы сұрақта қойылғандай, шынында да 2016 – 2018 жылдары конкурс өткізіліп, соның нәтижесінде 157 жоба іріктеліп, оған 35 миллиард теңге міндеттеме алынған болатын. Алайда бюджетте қарастырылған қаражат бұдан бірнеше есе аз болған. Оған қарамастан, болашақта бұндай мәселе қайталанбас үшін біз тиісті нормативтік-құқықтық құжаттарға өзгерістер енгіздік. Бірақ біз 2019 – 2020 жылдары жаңа конкурстарды жарияламай, осы міндеттерді орындау үшін қосымша қаржы жұмсаған болатынбыз. Енді келесі 2021 жылда да бұл мәселені әрі қарай қаржыландыратын боламыз.

Енді осы жобалардың нәтижесіне келетін болсақ, қазіргі уақытта 90 жоба толығымен өндіріс кезеңіне шығып отыр. 5,4 миллиард теңге сатылымдары бар және де тікелей 2,4 миллиард теңге салық төленді. Жалпы бұл жобалар өзінің тиімділігін көрсетіп отыр.

Жаңа Динар Жүсіпәліқызы айтқандай, бұл жобаларды қолдау керек. Сондықтан бұл жұмысты біз әрі қарай да жалғастыратын боламыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Слово предоставляется депутату Булавкиной Ольге Александровне.

БУЛАВКИНА О.А. Спасибо, Маулен Сагатханович.

Мой вопрос адресован Министру сельского хозяйства.

Уважаемый Сапархан Кесикбаевич! Глава государства Касым-Жомарт Кемелевич Токаев особо обращает внимание на развитие агропромышленного комплекса, призванного стать драйвером национальной экономики, формирующим продовольственную и экономическую безопасности страны.

Также напоминаю, что в целях реализации этой политики 23 октября текущего года в Сенате прошли парламентские слушания, где были озвучены важные вопросы развития, в том числе экономического потенциала сельских территорий.

Ежегодно на растениеводство и животноводство направляются сотни миллиардов тенге в виде субсидирования АПК. Только за последние два года на эти цели выделено почти 600 миллиардов тенге, в том числе в ходе двух уточнений бюджета в текущем году финансирование данной отрасли возрастает на 53,4 миллиарда тенге.

Однако темпы роста экономических показателей в сельском хозяйстве все же незначительны. Полагаем, что субсидии не улучшают долгосрочную конкурентоспособность и эффективность данной отрасли. К тому же имеет место ограниченность бюджетных средств и нестабильность субсидирования деятельности сельхозтоваропроизводителей.

По мнению международных экспертов, бюджетные средства необходимо направлять на развитие человеческого капитала и производственные инфраструктуры, что позволит привлечь частных инвесторов и, в свою очередь, снизить нагрузку на бюджет.

В этой связи возникает ряд вопросов. Какие меры предпринимаются министерством для привлечения частных инвестиций в АПК? Каковы приоритеты в выборе инвесторов? Какие перспективы для дальнейшего развития села будут отражены в инвестиционных проектах? Спасибо.

ТӨРАҒА. Сапархан Кесікбайұлы, жауап беріңіз.

ОМАРОВ С.К. Спасибо, уважаемая Ольга Александровна, за вопросы.

Для привлечения частных инвестиций министерство реализует несколько направлений.

Первое. Реализуется программа инвестиционного субсидирования, которая стимулирует вложение инвестиций в приоритетную отрасль сельского хозяйства. Субъектам АПК возмещаются 25 процентов от суммы вложенных инвестиций. В этом направлении в среднем на 1 тенге субсидий приходится 4 тенге частных инвестиций.

Второе. Субсидируется ставка вознаграждения 10 процентов по кредитам и лизингу при приобретении основных средств и 7 процентов – по кредитам на оборотные средства. Это позволяет привлекать в сектор АПК кредитные ресурсы финансовых институтов, и они становятся более доступными для сельхозтоваропроизводителей.

Третье. Решение вопроса недостаточности залогов у сельхозтоваропроизводителей. В этом направлении совместно с банками второго уровня нами разработана новая

программа гарантирования займов банков второго уровня. Размер гарантирования составляет порядка 50 процентов по всем проектам, а по приоритетным направлениям – 85 процентов. Это по проектам импортозамещения.

Объясню. Если у сельхозтоваропроизводителя не хватает залога, тогда за сельхозтоваропроизводителя АО «КазАгро» будет гарантировать 50 процентов его залога по всем направлениям и 85 процентов по импортозамещению.

Кроме этого, Предпринимательским кодексом предусмотрены налоговые преференции, в том числе освобождение от таможенных пошлин и НДС на импорт.

Приоритетом на сегодняшний день для развития АПК являются импортозамещение и насыщение внутреннего рынка в основном продовольственными товарами. Кроме этого, мы ориентируемся еще и на поддержку экспортоориентированных проектов, чтобы Казахстан занял достойную нишу и реализовал свой экспортный потенциал.

Что касается развития села, то здесь могу сказать о том, что все инвестиционные проекты реализуются в сельской местности. Это позволяет открывать новые рабочие места, развивать занятость и налоговые поступления. Спасибо.

ТӨРАҒА. Сапархан Кесикбаевич, в целом вопрос развития села, Вы знаете, является одним из приоритетных для Сената. На прошлой неделе мы провели большое мероприятие – парламентские слушания по вопросу развития сельских территорий. Депутаты внесли ряд предложений. Мы надеемся, что министерство очень внимательно отнесется к этим предложениям, примет меры по их реализации. Надеемся, руководство Правительства предложения депутатов также поддержит. Рақмет.

Келесі сөз депутат Рысбекова Ләззәт Тұяқбайқызына беріледі.

РЫСБЕКОВА Л.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Вопрос адресован Министерству индустрии и инфраструктурного развития.

Расходы республиканского бюджета на проекты по развитию автомобильных дорог республиканского и местного значения сокращены на 26,3 миллиарда тенге, из них 13,9 миллиарда тенге – республиканские автодорожные проекты, 10 миллиардов тенге – строительство и реконструкция автодорог за счет займов, привлекаемых акционерным обществом «Национальная компания «КазАвтоЖол», 2,4 миллиарда тенге – проекты по развитию местной сети автодорог.

Основными причинами оптимизации бюджета являются судебные разбирательства, отставание от графика работ, расторжение договора с подрядной организацией и другие.

В частности, по республиканскому проекту «Курты – Бурылбайтал» сокращены 2,8 миллиарда тенге, причина – проблемы у подрядчика с доставкой стройматериалов из-за пандемии. По проекту «Балхаш – Бурылбайтал» сокращены 10,3 миллиарда тенге, причина – расторжение контракта с компаниями «Азериншаат», «Шанхай». По проекту «Астана – Усть-Каменогорск» – 600 миллионов тенге, причина – судебные разбирательства. По проекту «Атырау – Уральск» – 200 миллионов тенге, причина – затянувшиеся процедуры определения проектировщика.

В этой связи, учитывая поручение Главы государства, озвученное в Послании 1 сентября текущего года, а именно до 2025 года реконструировать и обеспечить

дорожным сервисом 24 тысячи километров дорог, то есть все республиканские дороги, возникают следующие вопросы. Как повлияет оптимизация расходов на достижение индикаторов по удовлетворенности населения качеством автомобильных дорог? Не снизится ли эффективность государственной программы «Нұрлы жол» в целом при таких сокращениях средств?

Более того, при этом надо учесть и тот факт, что строительство и реконструкция автодорог АО «НК «КазАвтоЖол» производились за счет привлечения международных займов, на обслуживание которых с республиканского бюджета выделяются немалые средства. Рақмет.

ТӨРАҒА. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушы Өскенбаев Қайырбек Айтбайұлы, жауап беріңіз.

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Ләззат Тұяқбайқызы! Из 24 тысяч километров дорог республиканского значения 13 тысяч километров дорог уже реконструировано. В 2020 – 2025 годы мы планируем 11 тысяч километров дорог охватить, из них 4 тысячи километров дорог начали в этом году. Срок завершения данных проектов – 2021 – 2022 годы. Поэтому из 26,3 миллиарда тенге на проблемы, которые Вы озвучили, 18,5 миллиарда тенге перераспределены на продолжающиеся проекты внутри данной программы, 7,8 миллиарда тенге возвращены в бюджет. Они будут восстановлены в 2021 – 2022 годы. Конечный индикатор реализации данных проектов, как я говорил, завершение в 2021 – 2022 годы. В полном объеме все деньги будут освоены, весь объем работ будет выполнен, никаких проблем здесь не будет.

По займам АО «НК «КазАвтоЖол». Здесь пятилетний льготный период, поэтому мы несем обязательства только по фактически освоенным работам и выделенным деньгам. Поэтому здесь дополнительных обязательств государство не несет. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Әлназарова Ақмарал Шәріпбайқызына беріледі.

ӘЛНАЗАРОВА А.Ш. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы. Менің сұрағым Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарына.

Құрметті Ералы Лұқпанұлы! Қазақстандағы еңбек нарығы пандемия салдарының ықпалында болып отырғанын барлығымыз жақсы білеміз. Елімізде жұмыссыздық санын арттырмау және әлеуметтік осал топтардың өсуіне жол бермеу мақсатында Үкімет Жұмыспен қамту жол картасын қабылдады. Жол картасы аясында 2020 – 2021 жылдарға өңірлердегі әлеуметтік нысандарды, соның ішінде білім беру нысандарын қайта жаңарту, ағымдағы және күрделі жөндеу, мектеп құрылысын жүргізу үшін арнайы 190 миллиард теңге бөлі.

Өкінішке қарай, 9 айдың қорытындысы бойынша жергілікті атқарушы органдар 2020 жылғы осы мақсаттарға көзделген нысаналы трансферттер мен облигациялық қарыз қаражаттарын толық игермеген. Мысалы, білім беру нысандарын күрделі жөндеу бойынша 13 миллиард 43 миллион немесе 25 пайыз игерілмеген, ал білім беру

нысандарын ағымдағы жөндеу бойынша 3 миллиард 47 миллион теңге немесе 19 пайызды құрап отыр.

Қаржы жылының аяқталуына екі ай уақыт қалғанын ескерсек, аталған қаражаттардың игерілмей қалу тәуекелі өте жоғары. Осыған байланысты республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттер мен облигациялық қарыз қаражаттары ағымдағы жылдың соңына дейін толық игеріле ме және Жұмыспен қамтудың жол картасымен жоспарланған біздің басты көрсеткіш – жұмыссыздық деңгейінің өсуіне жол бермеу толық көлемде орындала ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ералы Лұқпанұлы, жауап беріңіз.

ТОҒЖАНОВ Е.Л. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Сенат депутаттары! Жалпы Жұмыспен қамту жол картасының қабылданғаны туралы өздеріңіз жақсы білесіздер. Бұл ең алдымен жалпы дағдарысқа қарсы бағытталған болатын, дегенмен биылғы жылдың ең қиын жағдайы – пандемияның кезінде өте маңызды және орынды болды десем артық емес. Себебі кеше ғана бірнеше облысты аралап келдім. Атырау, Батыс Қазақстан облысы, Ақтөбеде 40-жылы салынған мектепті, отыз жылдай күрделі жөндеуден өтпеген мектептерді де көріп келіп отырмыз. Қазір соның бәрін қалпына келтіруге мүмкіндік туғызып отыр.

Ақтөбе облысында Жол картасы арқылы 171 километр жол жөнделіп отыр. Ол да өте үлкен пайдалы жағдай деп ойлаймыз.

Мектептерді алатын болсақ, кеше бір облыстың өзінде 12 үш ауысымды мектептің сегізін қалпына келтіруге мүмкіндік туып отыр. Бұның бәрі Жол картасының бүгінгі нақты шараларының нәтижесі деп айтуға толықтай негіз бар.

Ал жалпы сұрағыңызға байланысты айтсақ, Ақмарал Шәріпбайқызы, сөз жоқ, ол жерде өзіңіз көтерген денсаулық саласы да маңызды, білім саласы да өте маңызды. Бүгін 2 мыңнан аса жоба жүзеге асырылуда, оның 1700 жобасы мектептерге бағытталған болатын. Оның ішінде құрылысы бар, оның ішінде орта жөндеу бар, күрделі жөндеу бар, соның бәрі қазір игерілуде.

Бүгінгі 9 айдың қорытындысына тоқталып айтатын болсақ, бұл жерде 93 пайызы игерілген, сондықтан жылдың аяғында осының бәрі толықтай игерілетініне біздің ешқандай күмәніміз жоқ. Бұл біріншіден. Екіншіден, жалпы Жол картасына байланысты бүгінде нақты нәтижелер де бар екенін айтуға толықтай мүмкіндік бар. Өйткені Жол картасы бойынша Қазақстанда 1 миллион 200 жұмыс орны жоспарланған болса, оның 255 мыңы осы Жол картасы арқылы жоспарланған болатын. Бүгінгі күні соның ішінде 250 мың жұмыс орны сақталды, қалпына келтірілді, жоспарланған дүниенің бәрі жүзеге асырылды. Бұл бір.

Екінші, жалпы бағдарламаға қатысушы отбасылармен бірге есептейтін болсақ, ол жерде 900 мың адам жұмыспен қамтылды деп айтсам да артық емес қой деп ойлаймын. Бұның бәрі де негізгі сұрақтардың бірі. Сонымен қатар осы бағдарламаны жүзеге асыру аясында біз бірнеше мәселені қарастырдық. Оның ішінде отандық тауар өндірушілерді де қолдау керек болды. Соған байланысты 500 миллиардтай ақша сол азаматтарға бағытталған. Ар жағындағы негізгі ойымыздағы мақсатымыз жаңа жұмыс орындарын ашу

бір бөлек, сонымен қатар жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардағы жұмыс орындарын да сақтап қалу міндеті алдымызда тұрды. Бүгінде сондай 19 мың орта және шағын бизнестің ішінде 110 мың жұмыс орны сақталды. Сондықтан бұлар да бір нәтиже деп айтуға бүгін мүмкіндік бар.

Сонымен қатар мультипликативный эффект деп айтуға болады, салынған объектілер, әсіресе білім саласы бойынша, денсаулық саласы бойынша тұрақты жұмыс орындары да ашылады. Сондықтан біздің есебіміз бойынша жылдың аяғында 100 мыңға жуық қосымша жұмыс орны ашылады. Осындай деректерді өздеріңізге айтуға рұқсат етіңіздер. Сұрағыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа сұрақ жоқ.

Слово для содоклада по двум законопроектам предоставляется председателю Комитета по финансам и бюджету Перепечиной Ольге Валентиновне.

ПЕРЕПЕЧИНА О.В. Уважаемый Маулен Сагатханович! Уважаемые депутаты и приглашенные! Социально-экономическая политика Казахстана на 2020 – 2024 годы следует принципам преемственности проводимой политики для достижения долгосрочных целей по повышению благосостояния населения и обеспечению устойчивого роста экономики в рамках реализации Стратегии «Казахстан–2050» и Стратегического плана развития Республики Казахстан до 2025 года.

Для решения поставленных задач с учетом сложившейся ситуации в мире на фоне пандемии коронавируса COVID-19 и конъюнктуры на внешних рынках на основании принятых указов Главы государства Касым-Жомарта Кемелевича Токаева по обеспечению социально-экономической стабильности в стране увеличены расходы бюджета для покрытия потерь по доходам бюджета и финансирования антикризисных мер.

Возникшие риски в 2020 году привели к пересмотру макроэкономических показателей и бюджетных параметров.

В рамках уточнения республиканского бюджета на 2020 – 2022 годы рассматриваются два законопроекта «О внесении изменения в Закон Республики Казахстан «О гарантированном трансферте из Национального фонда Республики Казахстан на 2020 – 2022 годы» и «О внесении изменений и дополнений в Закон Республики Казахстан «О республиканском бюджете на 2020 – 2022 годы».

Проект уточненного бюджета на 2020 год предусматривает решение важных задач текущего года, учитывает изменения, произведенные весной при первом уточнении. Остановлюсь на основных моментах уточнения республиканского бюджета.

